**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ**
2016 жылғы «01» 08 №349
Астана қаласы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ**
2016 жылғы «29» шілде №585
Астана қаласы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ**
2016 жылғы «28» 06 №346
Астана қаласы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ**
2016 жылғы «28» 07 № 336
Астана қаласы

# БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

**Кедендік ресімдеу орталықтарында және Халықаралық көлік – логистикалық орталықтарында тауарларды кедендік декларациялау, кедендік тазарту және шығарумен байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 18 – бабы 1 – тармағына сәйкес, сонымен қатар Кедендік ресімдеу орталықтарында және Халықаралық көлік – логистикалық орталықтарында тауарларды кедендік декларациялау, кедендік тазарту және шығарумен байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде рәсімдерді жеделдету және оңайлату мақсатында, «Кедендік әкімшілендіруді оңайлату бойынша іс – шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 32-ө өкімімен бекітілген, Кедендік әкімшілендіруді оңайлату бойынша іс-шаралар жоспарының 14, 15 – тармақтарын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Кедендік ресімдеу орталықтарында және Халықаралық көлік – логистикалық орталықтарында тауарларды кедендік декларациялау, кедендік тазарту және шығарумен байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде мемелекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Инвестициялар және даму министрлігі, Қаржы министрлігі және Ұлттық экономика министрлігі осы бұйрықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Инвестициялар және даму министрлігі, Қаржы министрлігі және Ұлттық экономика министрлігі осы бұйрықтың мемлекеттік органдардың интернет-порталдарына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Вице-министрлеріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік органдарының басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы**
**Премьер – Министрінің**
**орынбасары – Қазақстан**
**Республикасы**
**Ауыл шаруашылығы министрі**
**_____________ А. Мырзахметов**

**Қазақстан Республикасы**
**Инвестициялар және даму**
**министрі**
**_____________ Ж. Қасымбек**

**Қазақстан Республикасы**
**Қаржы министрінің міндетін**
**атқарушы**
**_____________ Р.Дәленов**

**Қазақстан Республикасы**
**Ұлттық экономика министрі**
**_____________ Қ. Бишімбаев**

Қазақстан Республикасы
Премьер – Министрінің
орынбасары – Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2016 жылғы «01» 08 № 349,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2016 жылғы «29» 07 № 585,
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы «28» 06 № 346,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы «28» 07 № 336
бірлескен бұйрығымен бекітілді

# Кедендік ресімдеу орталықтарында және Халықаралық көлік-логистикалық орталықтарында тауарларды кедендік декларациялау, кедендік тазарту және шығарумен байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс – қимыл тәртібі

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кедендік ресімдеу орталықтарында және Халықаралық көлік-логистикалық орталықтарында тауарларды кедендік декларациялау, кедендік тазарту және шығарумен байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) кедендік ресімдеу орталықтарында (бұдан әрі – КРО) және Халықаралық көлік-логистикалық орталықтарында (бұдан әрі – КЛО) мемлекеттік санитарлық-карантиндік бақылауды, карантиндік фитосанитарлық бақылауды (қадағалауды), ветеринарлық-санитарлық бақылауды және қадағалауды, кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде мемелекеттік органдардың іс-қимылдарының реттілігін айқындайды.

2. Осы Тәртіп шеңберінде мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырушы мемлекеттік органдарға (бұдан әрі – бақылаушы органдар):

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті түсіндіріледі.

3. Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары КРО және КЛО бір ғимаратында орналастырылады.

4. Мемлекеттік органдардың жұмысын жалпы үйлестіруді мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асырады.

5. Бақылаушы органдар өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру үшін жеткілікті штат санын қамтамасыз етеді.

## 2 – тарау. Халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары КРО және КЛО аумағына келген кезде бақылаушы мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары жүзеге асыратын іс-әрекеттер

6. Халықаралық тасымалдаудың көлік құралы (бұдан әрі – ХТКҚ) кедендік бақылау аймағына кедендік декларациялау орнына немесе уақытша сақтау қоймасына орналастырылады.

7. ХТКҚ кедендік бақылау аймағына орналастырылғаннан кейін және тасымалдаушыдан немесе декларанттан көліктік (тасымалдау) құжаттарды алғаннан кейін мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы:

сәйкестендіру құралдарының тұтастығын тексеруді жүргізеді;

осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік бақылаудан өтуі туралы талонды (бұдан әрі – талон) ресімдейді;

оны осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік бақылаудан өту туралы талондарды тіркеу журналына енгізеді.

Бұл ретте сәйкестендіру құралдарын бақылау және Талон беру ХТКҚ кедендік бақылау аймағына орналастырған сәттен бастап 5 (бес) минут ішінде жүзеге асырылады.

Кедендік транзит кедендік рәсімін аяқтаумен байланысты операцияларды жүзеге асыру кезінде және тауарларды кедендік транзит кедендік рәсімінен айрықша өзге кедендік рәсімдерге орналастыру сәтіне дейін мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы Талонды бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларына беруді қамтамасыз етеді, және оны әрі қарай өткізуді (сүйемелдеуді) жүзеге асырады.

Талонды беруді Кедендік декларацияны қабылдаған және тіркеген сәтінен бастап және тауарларды шығарғанға дейін осы декларцияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы қамтамасыз етеді.

8. Кедендік транзит кедендік рәсімін аяқтау үшін тасымалдаушы немесе декларант көліктік (тасымалдау) құжаттарды мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасына тіркеу үшін ұсынады.

Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жедел басқару орталығы ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЖБО АЖ) жүзеге асырады.

Бір транзиттік декларация бойынша көліктік (тасымалдаушы) құжаттарды қабылдау және тіркеу оны тапсырған уақыттан бастап, жүргізілген операциялардың басталған және аяқталған уақыты көрсетіле отырып Қазақстан Республикасы заңнамасын, Еуразиялық экономикалық одағының (ЕАЭО) талаптарын бұзушылық анықталған, тәуекелдер бейіндері іске қосылған, сондай-ақ транзиттік декларацияның электрондық көшірмелерін мемлекеттік кірістер органдарының өзге аумақтық бөлімшелеріне жолдау қажеттігі кезіндегі уақытты есепке алмағанда 5 (бес) минут ішінде жүзеге асырылады.

Тауарларды уақытша сақтауға орналастыру кезінде құжаттарды қабылдау және тіркеу (бірінші операцияны ескере отырып) оларды тапсырған сәттен бастап 10 (он) минут ішінде жүргізіледі.

Құжаттарды тіркеуді аяқтағаннан соң мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы оларды Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес тексеру және тиісті белгілер қою үшін талонда айқындалған басқа бақылаушы органдардың лауазымды тұлғаларына талонмен бірге береді.

9. Бақылаушы органдардың лауазымды тұлғалары құжаттық және физикалық бақылауды аяқтаған соң:

1) талонға бақылаудың басталған және аяқталған уақытын, бақылау (қадағалау) нәтижелері туралы сәйкес мөртаңба бедерлерін қояды.

2) көліктік (тасымалдаушы) құжаттарға бақылау (қадағалау) нәтижелері туралы сәйкес мөртаңба бедерлерін қояды.

Мемлекеттік бақылау түрлерінің (кедендік бақылауды қоспағанда) әрқайсысының лауазымды тұлғасы жүзеге асыратын құжаттық бақылау бір көлік құралына (Қазақстан Республикасы заңнамасын, ЕАЭО талаптарын бұзушылық анықталған уақытты қоспағанда) 5 (бес) минуттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Бұл ретте белгілі бір мемлекеттік бақылау (қадағалау) түрін жүргізу кезінде негізсіз созуға және ұсынылуы заңнамада көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Физикалық бақылау мемлекеттік санитарлық-карантиндік бақылауды, карантиндік фитосанитарлық бақылауды (қадағалауды), ветеринариялық-санитарлық бақылауды және қадағалауды жүргізуге уәкілетті бақылаушы органдармен тауарларды тексеріп қарау орнында немесе уақытша сақтау қоймасы аумағында жүргізіледі және (Қазақстан Республикасы заңнамасын, ЕАЭО талаптарын бұзушылық анықталған уақытты қоспағанда) декларант немесе кеден уәкілі құжаттарды берген кезден бастап 30 (отыз) минуттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Тауарларды көліктің автомобиль түрімен өткізген кезде мемлекеттік карантиндік фитосанитарлық бақылау (қадағалау) кедендік бақылау аймағында тауарларды декларациялау орнында жүргізіледі және 20 (жиырма) минуттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда салмақтық және габариттік бақылау тауарларды тексеріп қарау орнында немесе уақытша сақтау қоймасы аумағында көліктік бақылаудың жылжымалы бекетімен жүргізіледі және бір автокөлік құралына 30 (отыз) минуттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Бақылаушы мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары бақылау және/немесе қадағалау рәімдерін аяқтағаннан кейін Талонды тасымаладушыға немесе декларантқа береді.

Көрсетілген уақыттан асып кеткен жағдайда уақыттың асып кетуіне жол берген бақылаушы мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы мемлекеттік кірістер органының (КРО) басшысына жазбаша түсіндірмені ұсынады.

## 3-тарау. Тауарларды кедендік рәсімге орналастыру кезінде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары жүзеге асыратын іс-әрекеттер

10. Осы тәртіптің 2 – тармағында көрсетілген іс-әрекеттер нәтижелері бойынша декларант немесе кедендік өкіл кедендік деларацияны қалыптастырады.

Кедендік декларация қалыптастырылғаннан кейін декларант немесе кедендік өкіл оны мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасына беруді жүзеге асырады.

11. Кедендік декларацияны қабылдау «электрондық кезекті» қолдана отырып жүзеге асырылады. Декларант немесе кеден өкілі бағдарламалық-аппараттық кешенмен шақырылғаннан кейін 30 минут ішінде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы кедендік декларацияны тіркейді немесе тіркеуден бас тартады.

Шақыру уақыты және кедендік декларацияны тіркеу немесе тіркеуден бас тарту сәті Талонда тіркеледі және мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік таңбасымен куәландырылады.

12. Тәуекелдерді басқару жүйесінде (бұдан әрі – ТБЖ) көзделген тәуекелдерді азайту шаралары болмаған, кеден және өзге заңнаманың әлеуетті ықтимал бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 296-бабына сәйкес тауарларды шығару талаптары сақталған кезде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы 30-240 минут ішінде (тауарлардың санына, атауына және түріне байланысты) тауарларды шығаруды жүргізеді.

Өзге жағдайларда тауарларды шығару Кодекстің 297-бабында көзделген мерзімдерде жүзеге асырылады.

13. Кедендік декларацияны ресімдеу аяқталған соң мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы кедендік декларацияға қоса берілетін Талонға тауарларды шығару уақыты туралы белгі қояды.

Кедендік ресімдеу орталықтарында
және Халықаралық көлік –
логистикалық орталықтарында
тауарларды кедендік декларациялау,
кедендік тазарту және шығарумен
байланысты кедендік операцияларды
жүргізу кезінде мемлекеттік
органдардың өзара іс-қимыл
тәртібіне
1-қосымша

**КРО және КЛО мемлекеттік бақылаудан (қадағалаудан) өту туралы талоны**

**№ __________ «________»____________________20______ жыл**
Мемлекеттік кірістер органы _____________________________
Көлік құралы _____________________________________
№_______________________________________________________
Тауардың атауы және салмағы (нетто)__________________________
Ілеспе құжаттар нөмірі_______________________

| | |
|---|---|
| Санитарлық-карантиндік бақылау және қадағалау<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың басталуы)<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың аяқталуы)<br>қабылданған шешім ____________<br>______________ (қолы)<br>мөртаңба/жеке нөмірлік таңба | Кедендік бақылау<br>______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың басталуы)<br>______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың аяқталуы)<br>қабылданған шешім ___________<br>______________ (қолы)<br>мөртаңба/жеке нөмірлік таңба |
| ветеринарлық-санитарлық бақылау және қадағалау<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың басталуы)<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың аяқталуы)<br>қабылданған шешім ____________<br>______________ (қолы)<br>мөртаңба/жеке нөмірлік таңба | Көліктік бақылау<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың басталуы)<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың аяқталуы)<br>қабылданған шешім ___________<br>______________ (қолы)<br>мөртаңба/жеке нөмірлік таңба |
| Карантиндік фитосанитарлық бақылау<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың басталуы)<br>_______ сағ _______ мин<br>(бақылаудың аяқталуы)<br>қабылданған шешім ____________<br>______________ қолы)<br>мөртаңба/жеке нөмірлік таңба | Тауарларды кедендік рәсімге орналастыру кезіндегі мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының белгісі<br>_______ сағ _______ мин<br>(шақыру уақыты)<br>_______ сағ _______ мин<br>(ТД тіркеу)<br>_______ сағ _______ мин<br>(ТД тіркеуден бас тартылды)<br>(қолы) |

Кедендік ресімдеу орталықтарында және Халықаралық көлік – логистикалық орталықтарында тауарларды кедендік декларациялау, кедендік тазарту және шығарумен байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібіне
2-қосымша

## Мемлекеттік бақылаудан өту талонын тіркеу журналы

| р/с № | Күні, айы, жылы | Талонның № | Көлік құралының № | Тасымалдаушы туралы мәлімет | Импорттаушы ел,ұйымның атауы, жөнелтушінің мекен-жайы | Экспорттаушы ел, ұйымның атауы, алушының мекен-жайы | Тіркеуді жүзеге асырған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Тауардың атауы | Саны, салмағы, массасы (өлшем бірлігін көрсете отырып) | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |

**МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**
от «06» 08 2016 года №349
город Астана

**МИНИСТЕРСТВО ПО ИНВЕСТИЦИЯМ И РАЗВИТИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**
от «29» июля 2016 года № 585
город Астана

**МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**
от «28» 06 2016 года № 346
город Астана

**МИНИСТЕРСТВО НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**
от «28» 07 2016 года № 336
город Астана

# СОВМЕСТНЫЙ ПРИКАЗ

**Об утверждении Порядка взаимодействия государственных органов в Центрах таможенного оформления и международных Транспортно – логистических центрах при совершении таможенных операций, связанных с таможенным декларированием, таможенной очисткой и выпуском товаров**

В соответствии с пунктом 1 статьи 18 Кодекса Республики Казахстан «О таможенном деле в Республики Казахстан», а также в целях ускорения и упрощения процедур при совершении таможенных операций, связанных с таможенным декларированием, таможенной очисткой и выпуском товаров в Центрах таможенного оформления и международных Транспортно – логистических центрах, в целях реализации пунктов 14, 15 Плана мероприятий по упрощению таможенного администрирования, утвержденного распоряжением Премьер-Министра Республики Казахстан от 30 апреля 2016 года № 32-р «Об утверждении Плана мероприятий по упрощению таможенного администрирования», **ПРИКАЗЫВАЕМ:**

1. Утвердить Порядок взаимодействия государственных органов в Центрах таможенного оформления и международных Транспортно – логистических центрах при совершении таможенных операций, связанных с таможенным декларированием, таможенной очисткой и выпуском товаров.

2. Министерствам сельского хозяйства, по инвестициям и развитию, финансов и национальной экономики Республики Казахстан обеспечить неукоснительное соблюдение настоящего приказа.

3. Министерствам сельского хозяйства, по инвестициям и развитию, финансов и национальной экономики Республики Казахстан обеспечить размещение настоящего приказа на интернет – порталах государственных органов.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Вице-министров государственных органов Республики Казахстан.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания его последним из руководителей государственного органа.

**Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан – Министр сельского хозяйства Республики Казахстан**
**__________ А. Мырзахметов**

**Министр по инвестициям и развитию Республики Казахстан**
**__________ Ж. Касымбек**

**И.о.Министра финансов Республики Казахстан**
**__________ Р.Даленов**

**Министр национальной экономики Республики Казахстан**
**__________ К. Бишимбаев**

Утвержден
совместным приказом
Заместителя Премьер-Министра
Республики Казахстан –
Министра сельского хозяйства
Республики Казахстан
от «01» 08 2016 года № 349,
Министра по инвестициям и развитию
Республики Казахстан
от «29» 07 2016 года № 585,
Министра финансов
Республики Казахстан
от «28» 06 2016 года № 346,
Министра национальной экономики
Республики Казахстан
от «28» 07 2016 года №336

# Порядок взаимодействия государственных органов в Центрах таможенного оформления и международных Транспортно – логистических центрах при совершении таможенных операций, связанных с таможенным декларированием, таможенной очисткой и выпуском товаров

## Глава 1. Общие положения

1. Настоящий Порядок взаимодействия государственных органов в Центрах таможенного оформления и международных Транспортно – логистических центрах при совершении таможенных операций, связанных с таможенным декларированием, таможенной очисткой и выпуском товаров (далее – Порядок) определяет последовательность действий государственных органов при осуществлении государственного санитарно-карантинного контроля, карантиного фитосанитарного контроля (надзора), ветеринарно-санитарного контроля и надзора, таможенного контроля в Центрах таможенного оформления (далее - ЦТО) и международных Транспортно – логистических центрах (далее - ТЛЦ).

2. В рамках настоящего Порядка под государственными органами, осуществляющими государственный контроль (надзор) (далее - контролирующие органы) понимаются:

Комитет ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан;

Комитет государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан;

Комитет транспорта Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан;

Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан;

Комитет по защите прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

3. Должностные лица государственных органов размещаются в одном здании ЦТО и ТЛЦ.

4. Общую координацию работы государственных органов осуществляют органы государственных доходов.

5. Контролирующие органы обеспечивают достаточную штатную численность для осуществления своих функциональных обязанностей.

## Глава 2. Действия, осуществляемые должностными лицами контролирующих органов при прибытии транспортных средств международной перевозки на территорию ЦТО и ТЛЦ

6. Транспортные средства международной перевозки (далее – ТСМП) размещаются в зоне таможенного контроля в месте таможенного декларирования или на складе временного хранения.

7. После размещения ТСМП в зоне таможенного контроля и получения транспортных (перевозочных) документов от перевозчика или декларанта, должностное лицо органов государственных доходов:

проводит проверку целостности средств идентификации;

оформляет талон о прохождении государственного контроля (далее – Талон) по форме согласно приложению 1 к настоящему Порядку;

вносит его в Журнал регистрации талонов прохождения государственного контроля согласно приложению 2 к настоящему Порядку.

При этом, контроль средств идентификации и выдача Талона осуществляется в течение 5 (пяти) минут с момента размещения ТСМП в зоне таможенного контроля.

При осуществлении операций, связанных с завершением таможенной процедуры таможенного транзита и до момента помещения товаров под иные таможенные процедуры, отличные от таможенной процедуры таможенного транзита, должностное лицо органов государственных доходов обеспечивает передачу Талона должностным лицам контролирующих органов и осуществляет их дальнейшее припровождение (сопровождение).

Передачу Талона от момента принятия и регистрации таможенной декларации и до выпуска товаров обеспечивает должностное лицо органов государственных доходов, принявшее такую декларацию.

8. Для завершения таможенной процедуры таможенного транзита перевозчик или декларант представляет транспортные (перевозочные)

документы должностному лицу органов государственных доходов для регистрации.

Должностное лицо органов государственных доходов осуществляет прием и регистрацию документов в информационной системе центра оперативного управления (далее – ИС ЦОУ).

Прием и регистрация транспортных (перевозочных) документов по одной транзитной декларации осуществляется в течение 5 (пяти) минут с момента ее подачи, с указанием времени начала и завершения проводимых операций (без учета времени при выявлении нарушений законодательства Республики Казахстан, требований Евразийского экономического союза (ЕАЭС), срабатывании профилей рисков, а также необходимости переадресации электронных копий транзитных деклараций в другие территориальные подразделения органов государственных доходов).

При размещении товаров на временное хранение прием и регистрация документов (с учетом первой операции) производится в течение 10 (десяти) минут с момента их подачи.

После окончания регистрации документов, должностное лицо органов государственных доходов передает их вместе с Талоном должностным лицам других контролирующих органов, определенных в Талоне, для проверки в соответствии с компетенцией, установленной законодательством Республики Казахстан и проставления соответствующих отметок.

9. Должностные лица контролирующих органов по завершению документарного и физического контроля:

1) указывают в Талоне время начала и завершения контроля с проставлением соответствующего штампа о результате контроля (надзора);

2) проставляют в транспортных (перевозочных) документах соответствующий штамп о результате контроля (надзора).

Документарный контроль, осуществляемый должностными лицами каждого из видов государственного контроля (надзора) (за исключением таможенного контроля) проводится в течение не более 5 (пяти) минут на одно транспортное средство (без учета времени при выявлении нарушений законодательства Республики Казахстан, требований ЕАЭС).

При этом, не допускается необоснованное затягивание сроков и требование документов, предоставление которых не предусмотрено законодательством при проведении того или иного вида государственного контроля (надзора).

Физический контроль осуществляется контролирующими органами, уполномоченными на ведение государственного санитарно-карантинного контроля, карантиного фитосанитарного контроля (надзора), ветеринарно-санитарного контроля и надзора в месте досмотра товаров или на территории склада временного хранения, в течение не более 30 (тридцати) минут с момента подачи документов декларантом или таможенным представителем (без учета времени при выявлении нарушений законодательства Республики Казахстан, требований ЕАЭС).

При перемещении товаров автомобильным видом транспорта, государственный карантинный фитосанитарный контроль (надзор) производится в зоне таможенного контроля в месте декларирования товаров и осуществляется в течение не более 20 (двадцати) минут с момента подачи документов декларантом или таможенным представителем.

По мере необходимости весовой и габаритный контроль производится на месте досмотра товаров или на территории склада временного хранения передвижным постом транспортного контроля и осуществляется в срок не более 30 (тридцати) минут на одно автотранспортное средство.

Должностные лица контролирующих органов после завершения процедуры контроля (надзора) передают Талон перевозчику или декларанту, таможенному представителю.

В случае превышения указанного времени должностное лицо контролирующего органа, допустившие превышение времени, представляет руководителю органа государственных доходов (ЦТО) письменное пояснение.

## Глава 3. Действия, осуществляемые должностными лицами органов государственных доходов, при помещении товаров под таможенную процедуру

10. По результатам действий, указанных в главе 2 настоящего Порядка декларант или таможенный представитель формирует таможенную декларацию.

После формирования таможенной декларации декларант или таможенный представитель осуществляет ее подачу должностному лицу органов государственных доходов.

11. Прием таможенной декларации осуществляется с использованием «электронной очереди». Должностное лицо органов государственных доходов регистрирует или отказывает в регистрации таможенной декларации в течение 30 (тридцати) минут после вызова декларанта или таможенного представителя программно-аппаратным комплексом.

Время вызова и момент регистрации или отказа в регистрации таможенной декларации фиксируется в Талоне и заверяется подписью и личной номерной печатью должностного лица органов государственных доходов.

12. В случае отсутствия мер по минимизации рисков, предусмотренных системой управления рисками (далее - СУР), отсутствия признаков потенциально возможного нарушения таможенного и иного законодательства Республики Казахстан и Евразийского экономического союза, а также при соблюдении условий для выпуска товаров согласно статье 296 Кодекса Республики Казахстан от 30 июня 2010 года «О таможенном деле в Республике Казахстан» (далее - Кодекс), должностное лицо органов государственных доходов производит выпуск товаров в течение 30 – 240 минут (в зависимости от количества, наименований и видов товаров).

В иных случаях, выпуск товаров осуществляется в сроки, предусмотренные статьей 297 Кодекса.

12. По завершению оформления таможенной декларации, должностным лицом органов государственных доходов делается отметка в Талоне о времени выпуска товаров, который прикладывается к таможенной декларации.

Приложение 1
к Порядку взаимодействия
государственных органов в Центрах
таможенного оформления и
международных Транспортно –
логистических центрах при
совершении таможенных операций,
связанных с таможенным
декларированием, таможенной
очисткой и выпуском товаров

**Талон о прохождении государственного контроля (надзора) в ЦТО и ТЛЦ**

**№ __________ «________»____________________20______ года**

Орган государственных доходов ____________________________

Транспортное средство ___________________________________

№_____________________________________________________

Наименование товаров и вес (нетто)_________________________

Номера сопроводительных документов_______________________

| | |
|---|---|
| Санитарно – карантинный контроль<br>_______ час _______ мин<br>(начало контроля)<br>_______ час _______ мин<br>(окончание контроля)<br>принятое решение ___________<br>______________ (подпись)<br>штамп/личная номерная печать | Таможенный контроль<br>_______ час _______ мин<br>(начало контроля)<br>_______ час _______ мин<br>(окончание контроля)<br>принятое решение ___________<br>______________ (подпись)<br>штамп |
| Ветеринарно – санитарный контроль и надзор<br>_______ час _______ мин<br>(начало контроля)<br>_______ час _______ мин<br>(окончание контроля)<br>принятое решение ____________<br>______________ (подпись)<br>штамп/личная номерная печать | Транспортный контроль<br>_______ час _______ мин<br>(начало контроля)<br>_______ час _______ мин<br>(окончание контроля)<br>принятое решение ____________<br>______________ (подпись)<br>штамп |
| Карантинный фитосанитарный контроль (надзор)<br>_______ час _______ мин<br>(начало контроля)<br>_______ час _______ мин<br>(окончание контроля)<br>принятое решение ____________<br>______________ (подпись)<br>штамп/ личная номерная печать | Отметка должностного лица органа государственных доходов при помещении товаров под таможенную процедуру<br>_______ час _______ мин<br>(время вызова)<br>_______ час _______ мин<br>(регистрация ТД)<br>_______ час _______ мин<br>(отказано в регистрации ТД)<br>______________ (подпись)<br>штамп/ личная номерная печать |

Приложение 2
к Порядку взаимодействия
государственных органов в Центрах
таможенного оформления и
международных Транспортно –
логистических центрах при
совершении таможенных операций,
связанных с таможенным
декларированием, таможенной
очисткой и выпуском товаров

**Журнал**
**регистрации Талона о прохождении государственного контроля (надзора) в ЦТО и ТЛЦ**

| № п/п | Число, месяц, год | № талона | № транспортного средства | Сведения о перевозчике | Страна-импортер, наименование организации адрес отправителя | Страна-экспортер наименование организации, адрес, получателя | Ф.И.О - (при наличии) должностного лица, осуществившего регистрацию | Наименование товара | Количество, вес, масса (с указанием единицы измерения) | Примечание |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |